

Ақмола облысы
Есіл ауданы
Қаракөл орта мектебі
Химия пәні мұғалімі
Жанымхын Айгуль



Тақырыбы: Күкірт және оның маңызды қосылыстары.

Мақсаты:

Білімділік: Күкірттің физикалық, химиялық қасиеттерін түсінеді.

Дамытушылық: Маңызды қосылыстарымен танысып, тақырып бойынша білімдерін кеңейтеді.

Тәрбиелік: Меңгерген білімдерін болшақта тиімді қолдана білуге үйренеді.



Сабақ кезендері

Сабаққа дейінгі кезең

Ұйымдастыру: Психологиялық дайындық.

“Досыма тілек ” тренингін өткізу

Сабақ кезеңі

Үй жұмысын тексеру : Кубизм стратегиясы бойынша

Жаңа сабақ: Ой қозғау, Мағынаны тану стратегиялары

Бекіту кезеңі: “Білім шыңы”, “Білім ағашы” тапсырмалары

Сабақтан кейінгі кезең

Бағалау

Үйге тапсырма



Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында өткізілген “Досыма тілек” тренингі



Үй жұмысын тексеру: Кубизм стратегиясы бойынша оқушылар таңдап алған кубик қырындағы өткен сабақ бойынша берілген тапсырмаларды орындайды.
(Кубик қырындағы тапсырмалар)

Фосфор

Периодтық жүйедегі орны Фосфордың қандай түрлері бар? Фосфорды кім ашты?

Алынуы

Фосфорды алу реакциясы қандай? Фосфор оксидін қалай алады?
Фосфор қышқылын қалай алуға болады?

Табиғатта кездесуі

Жер қыртысында қанша пайыз фосфор кездеседі? Табиғатта фосфор бос күйде кездесе ма?
Қазақстанның қай өңірлерінде фосфор кен орындары кездеседі?

Қасиеттері

Фосфордың қай түрі өте қауіпті. Фосфордың химиялық қасиеттеріне мысал келтіріңдер

Қолданылуы

Фосфор қайда қолданылады? Фосфор қышқылы мен тұздары қайда қолданылады?

Биохимиялық рөлі

Ағзада қандай күрделі қосылыстардың құрамында фосфор кездеседі?
Фосфордың ағза үшін маңызы қандай?



Жаңа сабақ тақырыбын ашу үшін “Ой қозғау” стратегиясы бойынша мынадай сұрақ қою.

Химия өнеркәсібінің “наны” деп саналған бұл қандай зат?



“Мағынаны тану” стратегиясы бойынша әр топқа “Күкірт” тақырыбына арналған топтық таныстырылым жасап қорғауға тапсырма беріледі. Мұндай топтық таныстырылымдар арқылы оқушылар топ ішінде бір-бірін оқытуға, тақырыпты өз беттерінше оқып түсіне білуге үйренеді. Оқушылар тақырыпты өз беттерінше меңгеріп, түсініп, талқылай алса тақырыпты терең түсінуге мүмкіндік алады.



“Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есте сақтаймын, өзіме жасатсаң- үйренемін”

Конфуций



**Зертханалық
көрсетілім**



Өтілген тақырып бойынша оқушылар білімін бекіту мақсатында орындалатын тапсырмалар.

1. “Білім ағашы” тапсырмасына арналған сұрақтар. Осы тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар білім ағашын әшекелейді.

Күкірт сутектің физикалық қасиеті?

Күкіртсутек қайда қолданылады?

Мына реакция теңдеулерін аяқтандар



Күкірт (IV) оксидінің физикалық қасиеттері?

Күкірт қышқылын қалай алуға болады?

Массасы 48 г көміртек күкірт қышқылымен әрекеттескенде

бөлінетін күкірт (IV) оксидінің көлемін есепте




2. “Білім шыңы” деңгейлік тапсырмалар.

Сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеріп, сыныптағы дарынды және талантты оқушылармен күрделенген тапсырмалар орындау мақсатында ұйымдастырылады. Бұл тапсырма арқылы ойы ұшқыр, шапшаң, алғыр оқушы бірінші болып білім шыңына жете алады.



Сабақ соңында оқушылардың сабақтан алған әсерлерімен бөлісу мақсатында кері байланыс (Рефлексия) орнатудың маңызы зор. Себебі кері байланыс арқылы оқушылардың сабақтан алған әсерін, ұсыныстарын білуге мүмкіндік аламыз. Осы сабақта кері байланысты мен “Алтын балық” әдісі арқылы өткіздім



Бағалау: Сабақ барысында әр тапсырма бойынша оқушылар өз-өзін және сыныптасын бағалау парақшасы арқылы бағалайды. Оқушылар өзін және сыныптасын бағалау арқылы, өзінің және сыныптасының оқуы үшін жауапкершілігін сезінеді. Бағалаудың дұрыс жүргізілуі оқу процесі үшін өте маңызды. (Бағалау парақшасының үлгісі)

Оқушы аты жөні	«Кубизм стратегиясы» (1 дұрыс жауап бір ұпай)	Сурет салу және презентация қорғау	«Білім ағашы» тапсырмасы (Әр орындаған тапсырма үшін 1 ұпай)	Оқулық-пен жұмыс	бүгінгі сабақта топ ішінде ең белсенді жұмыс істеген кім? (Атын жазыңыз)	бүгінгі сабақта көрші топта ең белсенді жұмыс істеген кім? (Атын жазыңыз)	Жалпы ұпай	Бағасы (Қорытынды бағаны мұғалім қояды)

**Үйге тапсырма: «Күкірттің химия өнеркәсібіндегі маңызы» тақырыбына реферат жазу.
§8.17- 8.18 оқу. 264 бет №6 есеп,**



***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!***

